

«ТҰРАН-АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТІ



**СТУДЕНТТІК СТАРТАП-ПРОЕКТТЕРДІ ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН
ГРАНТТАРДЫ БАЙҚАУ НЕГІЗІНДЕ БӨЛУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Астана, 2025

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Қатысу шарттары.....	3
3. Байқау кезеңдері	3
4. Өтінім беру тәртібі	4
5. Грант мөлшері мен оны беру шарттары	4
6. Грант алушының міндеттері	4
7. Байқау комиссиясы	4
8. Жауапкершілік.....	5
9. Қорытынды ережелер	5

1. Жалпы ережелер

1.1 Байқаудың мақсаты: Тұран-Астана университетінің студенттеріне инновациялық және кәсіпкерлік жобаларды (стартаптарды) жүзеге асыру үшін гранттар беру арқылы олардың инновациялық және кәсіпкерлік әлеуетін қолдау.

1.2 Грант: ғылым, технология, бизнес, әлеуметтік және экологиялық қызмет салаларындағы стартаптарды қолдау аясында беріледі.

1.3 Байқау университеттің 2025–2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы шеңберінде ректордың шешімімен өткізіледі.

2. Қатысу шарттары

2.1. Байқауға Тұран-Астана университетінің барлық студенттері қатыса алады. Қатысу жеке немесе ұжымдық түрде (құрамында 5 адамнан аспайтын команда) жүзеге асырылады.

2.2. Қатысушылар байқаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін, сондай-ақ инновациялық, өміршең және жүзеге асыру әлеуеті бар жобаны ұсынуы тиіс.

2.3. Жоба әзірлеу немесе іске асыру кезеңінде болуы және коммерцияландыру перспективасына ие болуы қажет.

3. Байқау кезендері

3.1. Өтінімдерді қабылдау. Барлық қатысушылар белгіленген мерзімде өтінімдер мен жобалық ұсыныстарын ұсынуы қажет.

3.2. Өтінімдерді іріктеу. Барлық ұсынылған өтінімдер байқау комиссиясы тарапынан қаралып, жобалардың белгіленген талаптар мен критерийлерге сәйкестігі бағаланады.

3.3. Байқау комиссиясының құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.4. Жобаларды бағалау. Жобалар келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- Идеяның инновациялығы мен түпнұсқалығы;
- Коммерциялық әлеуеті;
- Жобаның әлеуметтік және/немесе экологиялық маңыздылығы;
- Жобаның іске асыруға дайындығының деңгейі;
- Команда құрамы және қатысушылардың біліктілігі;
- Байқау комиссиясы белгілеген қосымша критерийлер.

3.5. Жобаларды бағалау критерийлері байқау жарияланған мерзімнен кешіктірілмей қатысушыларға хабарланады.

3.6. Жеңімпаздарды жариялау. Байқау нәтижелері Туран-Астана университетінің ресми сайтында және/немесе университеттің басқа коммуникациялық арналары арқылы жарияланады.

4. Өтінім беру тәртібі

4.1. Байқауға қатысу үшін келесі құжаттардан тұратын өтінімді тапсыру қажет:

- 4.1.1. Жоба мен оның қатысушылары туралы ақпаратты қамтитын толтырылған өтінім нысаны;
- 4.1.2. Жобаның қысқаша сипаттамасы (1–2 бет);
- 4.1.3. Бизнес-жоспар (қажет болған жағдайда);
- 4.1.4. Байқау ұйымдастырушыларының сұранысы бойынша басқа да құжаттар.

4.2. Өтінімдер ұйымдастырушылар белгілеген мерзімде электрондық пошта арқылы қабылданады.

5. Грант мөлшері және оны беру шарттары

5.1. Грант мөлшері жобаның санаты мен кезеңіне байланысты өзгеріп отырады және ректордың шешімімен анықталады.

5.2. Грант келесі мақсаттарға қаржыландыру ретінде пайдаланылуы мүмкін:

- 5.2.1. Өнім немесе қызметті әзірлеу;
- 5.2.2. Жобаны маркетингтік ілгерілету;
- 5.2.3. Стартап үшін жабдықтар мен материалдар сатып алу;
- 5.2.4. Зерттеу жұмыстары мен прототип жасау;
- 5.2.5. Байқау комиссиясының ұсынысы негізінде ректордың шешімімен анықталатын басқа да мақсаттар.

5.3. Грант қаражаты жобаның қатысушыларының еңбекақысын төлеуге немесе университеттегі оқу ақысын төлеуге пайдаланылмайды.

6. Грант алушылардың міндеттері

6.1. Грант алушылар келесі міндеттемелерді қабылдайды:

- 6.1.1. Университеттің сұранысы бойынша кез келген уақытта грант қаражатының жұмсалуды туралы есеп беру;

- 6.1.2. Грант алғаннан кейін жобаның іске асырылу барысы туралы тоқсан сайын аралық есеп және жобаны аяқтағаннан кейін бір ай ішінде қорытынды есеп ұсыну.

6.2. Грант қаражатын мақсатсыз пайдалану немесе жобаның байқау шарттарына сәйкес келмеуі жағдайында университет қаражатты қайтаруды талап етуге құқылы.

7. Байқау комиссиясы

7.1. Өтінімдер мен жобаларды бағалау үшін университет өкілдерінен тұратын байқау комиссиясы құрылады. Комиссия құрамына кәсіпкерлік, инновациялар және ғылым саласындағы сарапшылар, сондай-ақ бизнес-қоғамдастық өкілдері кіруі мүмкін.

7.2. Байқау комиссиясының шешімдері ректордың бекітуімен күшіне енеді. Бекітілгеннен кейін комиссияның шешімдері түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

8. Жауапкершілік

8.1. Университет жобалардың сәтсіз іске асырылуы, стартаптардың сәтсіздігі немесе қатысушыларда пайда болған шығындар үшін жауапты емес.

8.2. Байқау қатысушылары өз жобаларына қатысты авторлық құқықтарды, зияткерлік меншік құқықтарын және басқа да заңдық аспектілерді сақтауға жауапты.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Байқауға қатысушылар жобаларды іске асыру барысында Қазақстан Республикасының заңнамасын және этика нормаларын сақтауы тиіс.


9.2. Университет байқау ережелеріне өзгерістер енгізу құқығына ие, бұл өзгерістер қатысушыларға алдын-ала хабарланады.

Бірінші проректор



К. Ж. Даубаев

Ғылым және инновация
жөніндегі проректор



С. Ж. Смоилов

Кәсіпкерлік орталығының
жетекшісі

К. К. Шебеко